

«Ұлағат» кәсіптік шыңдалу әдістемелік орталығы

Тақырыбы: «Заманауи технологиялар арқылы білім сапасын арттыра отырып, оқу-тәрбие үрдісін жетілдіру»

Мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісін заманауи технологияларды енгізу арқылы мектеп ұжымын дамыту, әр мұғалімнің кәсіби шеберлігін жоғарлату.

Міндеттері:

- Жаңартылған білім беру мазмұнына бағытталған іс- шараларды ұйымдастыру.
- Инновациялық ізденіс жұмыстарына әдістемелік көмек беру.
- Диагностика және мониторинг жүргізу арқылы мұғалімдердің кәсіптік деңгейін анықтау.
- Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің қатарын көбейту, іс-тәжірибесін жинақтау, насихаттау, қала, облыс деңгейіне тарату.
- Мұғалімдердің кәсіптік білімдерін арттыру.
- Мультимедиалық, интерактивті жабдықтарды тиімді және сапалы қолдану, «BilimLand» оқыту порталымен және «Kundelik.kz» электронды журналмен жұмысты жандандыру.

Оқу бағдарламаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстар мен ұстанымдарды басшылыққа алатын мұғалімдердің шығармашылық белсенділігі мен шеберлігін шыңдайтын бір пәнді және бір топтамадағы пәндерді оқытатын мұғалімдерді жинақтайтын 9 пән бірлестіктері құрылды. Барлық мұғалімдер өздерінің мамандықтары бойынша сабақ береді. Оқушының сапалы білім алуы – мұғалімнің кәсіптік шеберлігіне байланысты.

Мұғалімдердің біліктілік деңгейі

Оқу жылы	Барлығы	Білімі		Санаты			
		Жоғары	Арнайы орта	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санатсыз
2016-2017	67	59	8	13	16	16	22
2017-2018	67	61	6	14	19	19	15

Пән мұғалімдері жыл сайын жоспар бойынша кезекті аттестациядан өз өтініштері бойынша санат дәрежесін растауға, бекітуге, көтеруге ұсынылды. Аттестация қорытындысы бойынша біліктілік санатын көтеруге байланысты жоғары және бірінші санатты мұғалімдердің саны 7 мұғалім, сапалық құрамы- 53,8%. Аттестаттау комиссиясының отырысында 2 мұғалім өзінің шығармашылық есебін өз дәрежесінде көрсете алмады, нәтижесінде 1 мұғалім 1 санатты, 1 мұғалім 2 санатты мамандарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеді.

Мұғалімдердің біліктілігін көтеру деңгейі

Оқу жылы	Өтініш берген мұғалім	Жоғары санатқа	Жоғары санатты қорғау	Бірінші санатқа	Бірінші санатты қорғау	Екінші санатқа	Екінші санатты қорғау	Санатқа сәйкес емес.
2011-2012	6	-	-	2	-	4	-	
2012-2013	12	2	1	-	3	6	-	
2013-2014	12	1	1	4	2	4	-	
2014-2015	13	3	2	2	1	3	1	1(II)
2015-2016	10	2	1	1	1	5		
2016-2017	13	1	1	5(4)	1	4(3)	1	1(I) 1(II)

Педагогикалық ұжымның кәсіптік шеберлігін жетілдіру үдерісі үнемі даму үстінде. Мектепте мұғалімдердің біліктілікті жетілдіру курстарынан өтудің даму жоспары жасалған, оның негізінде жыл сайын арнайы кесте жасалған. Жаңадан келген мұғалімдердің даярлық курстарынан өткен уақыттары анықталып даму жоспарына енгізіледі.

Білім жетілдіру курстарынан өткен мұғалімдер

Өрлеу БАҰО	Выездн. тілдік	Қостанай ЦПМ	Респуб.	Интелл. центр Базис	АО «Start»	«Бөбек» ҰҒПББО	Барлығы
13	4	18	1	6	1	1	44

Материалдық -техникалық базасы

- Лиофонды-мультимедиялық кабинет - 1;
- Жаңа үлгідегі химия кабинеті – 1;
- Жаңа үлгідегі биология кабинеті – 1;
- Мобильді сынып-1;
- Компьютерлік сынып-2;
- интерактивті құралдармен жабдықталған кабинет-8
- жылжымалы экран проекторымен жарақтандырылған кабинет-3
- Моноблок саны-30.
- Сандық мультимедиялық подиум-1.
- Мультимедиялық жабдықпен қамтамасыз етілген кабинет-10

Барлық интерактивті құрылғылар білім үдерісінде белсенді қызмет атқарады.

Әдістемелік кеңес отырыстары

Мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін шыңдауда ашық сабақтар, әдістемелік пән апталықтары және семинарлар, шеберлік сыныптары, коучингтер кесте бойынша өткізіледі. Әр айдың үшінші сейсенбі күндері кезектен тыс бірлестік отырыстары өткізіледі. Онда мұғалімдердің әдістемелік тақырыптары бойынша атқарған жұмыстарының есебі, жұмыс жүйелері, шығармашылық есептері, интерактивтік тақтаның мүмкіндіктерін сабақ барысында тиімді қолданудың әдістемесі, жинақталған шеберханалары мен портфолиосы көрсетіледі. Әдістемелік кеңестің 4 отырысы жоспарланды және өткізілді. 1-жарты жылдықтағы бақылау жұмыстарына талдау, пән бірлестіктері бойынша оқушыларының білім, білік, дағдысын қалыптастырудағы мұғалімнің нәтижелі жұмысы тыңдалды. Мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс жасайтын әдістемелік тақырыптары, сабақта қолданатын технологиялары бар.

Әдістемелік бірлестік жетекшілері:

№	Бірлестік жетекшісінің аты-жөні,білімі,санаты	ӘБ атауы	ӘБ мүшелерінің саны
1	Байкенова Ғалия Қайырбекқызы жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі.	Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі	4
2	Идрисова Ұлпан Бахытжанқызы екінші санатты орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі	Орыс тілі және әдебиет бірлестігі.	7
3	Ахтямова Ләззат Есілқызы екінші санатты ағылшын тілі мұғалімі	Ағылшын тілі бірлестігі.	6
4	Аренова Миранкүл Қуандыққызы бірінші санатты математика мұғалімі	Математика, информатика, физика бірлестігі.	9
5	Қыстаубаева Сәуле Кәрімқызы жоғары деңгейдегі, екінші санатты география мұғалімі	Жаратылыстану бірлестігі.	4

6	Шылтиева Әлия Атымтайқызы бірінші санатты бастауыш сынып мұғалімі	Бастауыш сыныптар бірлестігі.	20
7	Исмагулова Айдана Төленбайқызы тарих пәнінің мұғалімі	Тарих, өзін-өзі тану пәндерінің бірлестігі	6
8	Нурпейсов Муханай Сақташұлы жоғары санатты денешынықтыру пәнінің мұғалімі	Денешынықтыру бірлестігі	7
9	Өміржанов Сәрсенбек Қауқенұлы бірінші санатты технология пәнінің мұғалімі	Өнер бірлестігі	4

Мектептегі пән апталықтарын әдістемелік бірлестіктер жыл сайын мұғалімдердің кәсіптік құзіретін арттыру мақсатымен ғылыми-әдістемелік жоспар шеңберінде, сондай-ақ оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту үшін өткізеді.

Пән апталығының міндеттері:

мұғалімдердің кәсіптік шеберліктерін ашық сабақтар мен сыныптан тыс шараларды дайындау, ұйымдастыру және өткізу арқылы жетілдіру;

оқушыларды дербес шығармашылық қызметке тарту, олардың зерделенетін пәндерге деген қызығушылықтарын арттыру;

белгілі бір оқу пәнін немесе білім беру саласын тереңдете зерделеуге ұмтылатын, шығармашылық қабілеттерге ие оқушыларды айқындау

Апталықтардың жұмыс жоспары

№	Апталық тақырыбы	Мақсаты	Бағалануы	Мерзімі	Жауапты
1	«Ашық сабақтар» фестивалі	Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуына көмектесу.	0-50 ұпай	ақпан	Ахметова Л.Ш. Құрманова Г.Д.
2	«Үздік авторлық бағдарлама - 2016» сайысы	Мұғалімдердің шығармашылық деңгейін анықтау.	0-50 ұпай	сәуір	Озат тәжірибе мектебінің жетекшісі
3	«Сыныптан тыс жұмыстар» апталығы	Үздік сыныптан тыс іс-шараның жүргізілуін анықтау.	0-50 ұпай	28.11-14.12	Ахметова Л.Ш. Балапашева Г.Б.

Республикалық онкүндік «Өзін-өзі тану: Сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» 02.02-13.02. 2017ж

Қалалық семинарлар.

Пәні	Тақырыбы	Уақыты	Жауапты
2016-2017 оқу жылы қалалық семинар.			
Математика	Математика сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары	23.02.2017	Математика пәні мұғалімдері
Өзін-өзі тану	«Интеграция рухани- адамгершілік білім беру жүйесіндегі біртұтас педагогикалық үрдіс»	26.04.2017	Өзін –өзі тану пәні мұғалімдері

Мұғалімдерді шығармашылыққа, іскерлікке баулитын кәсіби байқаулардың қала, облыс, республика деңгейінде ұйымдастырылуы, байқауға қатысушының өз дәрежесінде жұмыстарының болуына, жүлделі оралуына басшылық жасау мәртебелі жұмыс. Білім берумен қатар қалалық сайыстарға қатысып жүлделі орындармен оралып жүрген мұғалімдерде бар.

Оң педагогикалық тәжірибенің облыс деңгейінде таратылуы.

№	Аты-жөні	Ұсыну формасы	Тақырыбы
1	Абдрахманова Меруерт Сейтқасымқызы	«Қостанай дарыны» өңірлік ғылымы-практикалық орталығы жанындағы Облыстық Эксперттік Кеңесің отырысында қорғалды.	«Бастауыш сынып оқушыларының таным-ізденушілік қабілеттерін белсенді оқыту әдіс-тәсілдер арқылы арттыру»

Мұғалімнің кәсіби шеберліктерінің байқауы

Сайыстың деңгейі	Тақырыбы	Қатысушы	Нәтижесі
Қалалық сайыс	«Оқыту мен оқудағы жаңа әдістер» мастер-класс	Ахметова Р.М. Жаңабай А.Ф.	Номинация «Тиімді әдіс-тәсілдер»
Қалалық сайыс	«Перспективный урок»	Серікбай Е.Н.	II орын
Қалалық сайыс	«Барлық жақсылық ұстаздан»	Бірманова Қ.И.	II орын
Қалалық сайыс	Менің инновациялық сабағым	Дальдембаева Г.Т.	I орын
Қалалық сайыс	Үздік МАДС кабинеті	Қуанышбаева Р.Б.	I орын
Қалалық сайыс	Үздік педагог-2017	Дальдембаева Г.Т.	I орын
Қалалық сайыс	Үздік дене шынықтыру мұғалімі-2017	Нурекин Ұ.Б.	II орын

ISBN номерін алған инновациялық жұмыстар.

Автор, қызметі	Жұмысының аты, түрі	авторлық белгі
Молдабекова Бақытжамал Қоренқызы бастауыш сынып мұғалім	2 сыныптарға арналған «Математикадан өздік жұмыстары» ЭОҚ	ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы ISBN 978-601-303-349-5
Құрманова Гүлжаухар Даниярқызы II санатты физика пәні мұғалімі	«Физика негіздерін шолу» 10-11 сыныпқа арналған қолданбалы курс.	ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы ISBN 978-601-7913-81-6
Айтпенова С. С Бекмуратова С.К.	4 сыныпқа арналған «Геометриялық шеберхана» оқу- әдістемелік құрал.	ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы ISBN 978-601-7913-3
Рамазанова Р.Д. Жұмабаева А.Е. бастауыш сынып мұғалімдері	«Озық ойлы математик» 3- ші сынып оқушыларына арналған таңдау курсы	ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы ISBN 978-601-7913-58-8
Жаңабай Анар Ғалымқызы бастауыш сынып мұғалім	«Грамматика әлемі» 3 сыныпқа арналған оқу- әдістемелік құралы.	ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы ISBN 978-601-7913-78-6
Өміржанов С.К.	«Қазақстанның дәстүрлі халықтық қолданбалы қолөнері» әдістемелік құралы	ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы ISBN 978-601-7913-55-7
Қуанышбаева Р.Б. МАДС тәрбиешісі	«Балалардың сөздік қорын дидактикалық танымдық ойындар арқылы дамыту» әдістемелік құралы	ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы ISBN 978-601-7913-55-7
Бірманова Қымбат Исланбекқызы жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	Тіл пәндерін біріктіре оқыту» арнайы курс бағдарламасы	ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы ISBN 978-601-7913-56-4
Қалиев Ербол Серікбайұлы химия пәні мұғалімі	«Химия және адам ағзасы» қолданбалы курс	ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасы ISBN 978-601-7872-96-0

Марапаттаулар

№	Аты-жөні	тақырыбы	Мадақтама түрі
1	Өміржанов С.К.	« Өрлеу» БҒТО «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісі	Құрмет грамотасы, куәлік
2	Досмагамбетова З.Е.	«Өрлеу» БҒТО «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісі	Құрмет грамотасы, куәлік

Конференцияға қатысу

№	Аты-жөні	Тақырыбы	Мадақтама түрі
	Бірманова Қ.И.	«Қазақстандағы инклюзивті білім берудің жаңа парадигмасы» облыстық ғылыми-практикалық конференциясы	Сертификат
	Дальдембаева Г.Т.	«Қазақстандағы инклюзивті білім берудің жаңа парадигмасы» облыстық ғылыми-практикалық конференциясы	Сертификат

Қашықтық курстарына қатысуы

№	Аты-жөні	тақырыбы	Мадақтама түрі
1	Абдрахимова З	Начальное образование. Обновление содержания начального образования (модель 12-ти летней школы)	Диплом 72 сағат 0E2573990 ИЦ Базис
2	Бекмуратова С	Математика сабақтарында оқыту мен оқудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану	Диплом 72 сағат B1E1F2397 ИЦ Базис
3	Нурмуратова К.А	«Білім болашаққа бастар жол» тақырыбындағы ақпараттық ғылыми практикалық республикалық семинарға қатысқан үшін	Сертификат
4	Бірманова Қ.И.	Білім беру процесінде сыни ойлауды дамыту технологияларын пайдалану	Диплом 72 сағат A8F4997393 ИЦ Базис
5	Дальдембаева Г.Т.	Білім беру процесінде сыни ойлауды дамыту технологияларын пайдалану	Диплом 72 сағат B9C3C0259 ИЦ Базис
6	Абдрахманова М.С.	Білім беру процесінде сыни ойлауды дамыту технологияларын пайдалану	Диплом 72 сағат A8F4997395 ИЦ Базис

Оқушылар ғылыми қоғамы «Жас өркен» бастауыш сыныптар, ғылыми жетекшісі Жумабаева Алтын Ерікқызы; «Ғылым және біз» ортаңғы және жоғарғы буынды қосып, ғылыми жетекшісі Бекмуратова Сагила Қуанышқызының басшылығымен жұмыстарын жүргізуде. Бұл қоғам мектеп оқушыларына белгілі бір ғылыми салада білімін жетілдіруге мүмкіндік береді. Оқушыларды ғылыми ізденушілікке деген қызығушылығын қалыптастыру, шығармашылық қаблетін ашу, дамыту, ғылыми зерттеу әдістерін үйрету, шығармашылық тұлға қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізіп келеді.

Оқушылар ғылыми қоғамының негізгі мақсаты – оқушылардың қызығушылық ынтасын зияткерлі дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы

оқушыны болашақта әр түрлі жағдайларда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу. Ғылыми жобаның тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса - ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады, дұрыс шешім қабылдай отырып, адамдармен тіл табыса отырып, дұрыс бағыт – бағдар бере алады.

	ҚАЛА		ОБЛЫС			РЕСП.	ХАЛЫҚА РАЛЫҚ
	ЗЕРДЕ	РИИ	ДАРЫН 1-7	ДАРЫН 8-11	ФМЛ		
2014-2015	12/5 41%	3/1 33%	3/1 33%	3/2 66%	8/6 75%	0	0
2015-2016	18/9 50%	6/4 66%	3/0 0%	1/0 0%	5/4 80%	0	0
2016-2017	11/2 18%	5/3 60%	3/1 33%	4/2 50%	12/12 100%	0	2/2 100%

«Қостанай дарыны» Өңірлік ғылыми практикалық орталығының ұйымдастыруымен 1-7 сынып оқушыларының «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалардың облыстық кезеңіне қатысқан 3 жұмыс бір оқушы ІІІ орынды иеленді сапа 33% ды құрайды. 2015-2016 оқу жылымен салыстырғанда 33% -ға өскендігі байқалады. 8-11 сынып оқушыларының жалпы білім пәндері бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының Облыстық кезеңіне 4 оқушы қатысып екі оқушы ІІІ орын сапа 5 0% -ды, 2015-2016 оқу жылымен салыстырғанда 50% -ға өскендігі байқалады.

«Қостанай дарыны» Өңірлік ғылыми практикалық орталығының ұйымдастыруымен 1-7 сынып оқушыларының «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалардың облыстық кезеңіне қатысқан жұмыстар

№	Жобаның авторы	Сынып	Нәтижесі	Жетекшісінің аты-жөні
1	Жанибекова Дильназ	5	Зорын	Жұмабаева Алтын Ерікқызы
2	Төрөбай Айман Сабырова Динара	3	-	Ахметова Роза Молдағалиқызы
3	Әубәкірова Айша - бибі	4	-	Молдабекова Бахытжамал Қоренқызы

8-11 сынып оқушыларының жалпы білім пәндері бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының Облыстық кезеңі

№	Оқушының аты-жөні	Сынып	Жұмыс тақырыбы	Орны	Секция	Жетекшінің аты-жөні
1	Абдиханиев Имангали	10	Рудный қаласындағы ССГПО экологиялық проблемалары	3	Научно-технический прогресс – как ключевое звено экономического роста	Бертазин Н. Н.
2	Сулеева Жансая	11	Тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу	-	Здоровая природная среда – основа реализации стратегии «Казахстан -2050»	Бірманова Қ. И
3	Сәбитбек Мақсат	9	Хауызда жүзудің адам ағзасына пайдасы	-	Здоровая природная среда – основа реализации стратегии «Казахстан -2050»	Балапашева Г. Б.
4	Маханбетияров Танирали	11	Геометрия және архитектура	3	Математическое моделирование экономических и социальных процессов	Касымова К. Ф.

"Қазақстанның индустриалды-инновациялық табысты дамуының кепілі- болашақ ұрпақтың зияткерлі әлуеті" Т.Е.Даулетбаев атындағы VI Аймақтық ғылыми-практикалық оқушылар конференциясына 12 оқушы қатынасып 12 оқушыда жүлделі орынды иеленді.

2015-2016 оқу жылымен салыстырғанда 20% -ға өскендігі байқалады.

Ақарылған әдістемелік жұмыстың әлді жақтары:

Мектептегі әдістемелік жұмысты басқару, жоспарға сай жұмысты ұйымдастыру кезінде төмендегі функциялар орындалды:

ҚР Білім заңының тұжырымдамасы негізінде құрылған білім стандартындағы міндетті білім деңгейін меңгерту үшін оқу жоспары, мектеп тақырыбына сәйкес оқу-тәрбие жоспары жасалды. Әдістемелік бірлестіктер, «жас мамандар мектебі» құрылып, жұмыс жоспары жасалып, бекітілді және жоспарға сәйкес жұмыс атқарды. Қалалық білім бөлімінің жоспарлаған кестесіне сай өткізілген қалалық семинар, коучингтер өткізілді;

мұғалімдердің пәндік және психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейін көтеру мақсатында курстарға жіберілді, өздік білімін жетілдіруді ұйымдастыру мақсатында теориялық және практикалық әдістемелік бірлестіктердің отырыстары мен тақырыптық коучингтер өткізілді; жаңа нормативтік құжаттар, нұсқау – әдістемелік материалдармен танысу, жаңа оқу бағдармаларын, жоспарларын, мемлекеттік білім стандарттарын оқып, үйрену ұйымдастырылды; оқыту және тәрбиелеудің жаңа белсенді әдістерін қолдануды ұйымдастыру коучингтері өткізілді; сыныптарды зерттеу сабақтары өткізілді. Тізбектелген сабақтар топтамасында оқушыларды зерттеу үдерісі нәтижеге бағытталды; «Жас мамандар мектебі» жұмыс жасады; ғылыми-әдістемелік көмекті дербес және жеке ерекшеліктерді ескере отырып ұйымдастыру – жас мұғалімдерге, жаңадан келген мұғалімдерге, пән мұғалімдеріне, педагогикалық жұмыста белгілі бір қиындыққа кезіккен мұғалімдерге кеңес берілді; аттестаттау комиссиясының жанды жұмысының нәтижесінде кезекті және мерзімінен бұрын аттестациядан өз өтініштері бойынша санат дәрежесін растауға, бекітуге, көтеруге ұсынылды және шығармашылық есептерін беріп атқарған жұмыстарын қорғады; Мұғалімдерді шығармашылыққа, іскерлікке баулитын кәсіби байқаулардың қала, облыс, республика деңгейінде ұйымдастырылуы, байқауға қатысушының өз дәрежесінде жұмыстарының болуына, жүлделі оралуына басшылық жасау мәртебелі жұмыс. Білім берумен қатар қалалық сайыстарға қатысқан мұғалімдер жүлделі орындармен оралып жүр; Республикалық «Балалық шақ досы» интернет-порталының «Коллеги», «Педагог», «Білімділер», «Білім-ғылым» сайттарына, халықаралық kopilkaurokov.ru, multiurok.ru, metodkopilka.ru, infourok.ru сайттарына пән мұғалімдері ашық сабақтарының, сыныптан тыс іс-шараларының, зияткерлік ойындарының әзірлемелерін, баяндамаларын жіберуді дағдыға айналдырып отыр; «Қостанай дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы жанындағы Облыстық Эксперттік Кеңесінде жұмыстары қорғалып, отырыстың шешімімен Қостанай облысы аумағында қолдану және тарату құқығын растайтын куәлігі берілген мұғалімдердің жұмыстарының қолданылу аясын анықтау мақсатында мониторинг жүргізілді; ҚР Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасының авторлық құқықты растайтын ISBN номеріне ие болған мұғалімдер саны биылғы оқу жылында көбейді; Педагогтардың республикалық, облыстық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал-газет беттеріне өздерінің жинақтаған іс-тәжірибесінен мақала жіберу, яғни ақпарат құралдарымен жұмысы жолға қойылған; Ғаламтор желісі арқылы қашықтық сайыстарға қатысу (ғылыми-практикалық конференцияларға, вибинарларға, онлайн-семинарларға, педоқуларға, қашықтық курстарға) жолға қойылды;

мұғалімдердің педагогикалық тәжірибесі жүйелі түрде зерттеліп, жинақталды және таратылды, қалалық тәжірибелер қорына енгізілді;

«Қостанай дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығы жанындағы Облыстық Эксперттік Кеңесінде бастауыш сынып мұғалімі Абдрахманова М.С. тәжірибесі қорғалды;

Білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты 1-сынып мұғалімдері мен ата-аналары үйлестіруге бағытталған іс-шараларға қатысты;

«Қостанай дарыны» Өңірлік ғылыми практикалық орталығының ұйымдастыруымен 1-7 сынып оқушыларының «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалардың облыстық кезеңінде 3 жұмыс жіберіліп, 5 «А» сынып оқушысы Жанибекова Дильназ ІІІ орынға ие болды.

8-11 сынып оқушыларының жалпы білім пәндері бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының Облыстық кезеңіне 4 оқушы қатысып екі оқушы жүлделі орындарға ие болды. 10 «А» сынып оқушысы Абдиханиев Иманғали ІІІ орын, 11 «А» сынып Махамбетияров Таңірәлі ІІІ орынға ие болып келесі тестілеу кезеңіне өтті.

Т.Е.Даулетбаев атындағы VI Аймақтық ғылыми-практикалық оқушылар конференциясына 12 жұмыспен 16 оқушы қатынасып 12 жұмыста жүлделі орынды иеленді.

8-11 сынып оқушыларының жалпы білім пәндері бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының Қалалық кезеңінде 5 оқушы қатысып 3 жүлделі орын анықталды. 10 сынып оқушылары Бұхарбаев Ерсұлтан, Балғатаев Ерболат ІІ орынды, 9 «А» сынып оқушысы Сабитбек Мақсат ІІІ орынды иеленді.

Байқоңыр қаласында өткен ғылыми-зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсында 10 сынып оқушысы Абдиханиев Иманғали ІІІ орын.

Ө.Жолдасбеков атындағы математикадан және механикадан зерттеу жұмыстарының халықаралық конкурсында 11 сынып оқушысы Маханбетияров Таңірәлі ІІІ орынды иеленді.

1-7 сынып оқушыларына арналған қалалық «ЗЕРДЕ» зерттеу, шығармашыл жобалар сайысы 2016-2017 оқу жылы 11 оқушы қатысып нәтижесінде 5 сынып оқушылары Утепов Арман І орын, Садвакасова Қарақат ІІІ орынды иеленді.

«ДИФКИС» зерттеу жұмыстарының облыстық конкурсында Рысбекова Аяулым ІІІ орынға ие болды.

Бастауыш сынып оқушылары арасындағы V Республикалық «Зерек» ғылыми жұмыстар сайысында 4 сынып оқушылары Жолай Ернар, Әубәкірова Айша Бибі ІІ орынға ие болды.

Атқарылған әдістемелік жұмыстардың әлсіз жақтары:

Әр мұғалімнің өзінің өзекті жұмыс жасайтын тақырыптары бар. Тәжірибені жинақтауға, тақырыпқа сай жұмыстың нәтижесіне авторлық жұмысқа көңіл бөлмеу.

Сайыстар мен ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуға тек аттестациядан өтуші мұғалімдердің міндеті деп есептеу.

Алынған мектепшілік, қалалық бақылау кесінділерінің қорытындысына сай пән мұғалімдерінің талдау, түзету жұмыстарында бірізділіктің болмауы.

Қалалық «ЗЕРДЕ» зерттеу, шығармашыл жобалар сайысы бойынша 11 өтінім жіберіліп, 2 жүлделі орын анықталды. Себептерін атап өтсек: жұмыстың көп мөлшері Т.Е.Даулетбаев атындағы VI Аймақтық ғылыми-практикалық оқушылар конференциясында жүлделі орындарға ие болған болатын, сол жетістіктеріне қанағаттанған жоба жетекшілерінің оқушыны сапалы дайындамағандығы байқалады.

8-11 сынып оқушыларының жалпы білім пәндері бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының Қалалық кезеңіндегі өтінім бойынша жіберілген Аманкелдиева Айжан, Баймуратова Лаура Т.Е.Даулетбаев атындағы VI Аймақтық ғылыми-практикалық оқушылар конференциясында жүлделі орындарға ие болған болатын. Бұл тұста да жоба жетекшілерінің оқушыны сапалы дайындамауы, толықтыру жұмыстарына көңіл бөлмегендігінен қатысушы саны көп болғанымен сапаға кері әсерін тигізіп отыр.

Ортаңғы және жоғарғы буынның пән мұғалімдері ғылыми жұмыс жазуға аса көп көңіл бөлмейтіндігі байқалады.

2017- 2018 оқу жылында шешу жолдары:

Білім сапасын арттыра отырып қоғам жағдайына бейім жас ұрпақты тәрбиелеу.

Қалалық, облыстық тәжірибелер қорына жұмыстары енгізілген мұғалімдерден құрылған шығармашылық топтардың тәжірибе алмасуы;

Оқу-тәрбие үдерісінде АКТ-ны, bilimland сайты тиімді қолдану;

Ғаламтор желісі арқылы қашықтық сайыстарға (ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, педоқуларға, курстарға) қатысуды жалғастыру;

Білім беру мазмұнының жаңаруына бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру (1-2, 5-7 сыныптарда жұмыс жасайтын мұғалімдерді қатыстыру) ;

Орта буындағы оқушылардың білім сапасының төмендеу себептерін анықтау, сыныптық, мектепшілік бақылау жұмыстарын жүргізу;

«Күш білімде» қоғамдастығының жұмысына қатысу;

Әдістемелік бірлестіктерде мектепшілік, қалалық бақылау кесінділерінің қорытындысына арнайы үлгіде аналитикалық талдауда жасау, тоқсандық үлгеріммен салыстыру, сыныптарды саралау, үлгерімі төмен сыныптарды мектепшілік бақылауға қою.

Жоба жетекшілері оқу жылының басынан оқушыны, тақырыпты нақты таңдай отырып, дайындық жұмыстарын жүйелі, сапалы, нәтижеге бағыттап жүргізуі тиіс.

Директордың ҒӘЖЖ орынбасары:

Ахметова Л.Ш

